

**«Орталық банктің тәуелсіздігі және инфляция мақсатына жету»
тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері туралы есепке
аннотация**

Зерттеу мақсаты орталық банктердің тәуелсіздігінің баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыруға әсерін бағалау болып табылады. Халықаралық тәжірибе мен эмпирикалық талдау негізінде орталық банк тәуелсіздігінің дезинфляциялық әсері зерттелді.

Міндеттері:

- орталық банктердің тәуелсіздігін анықтайтын жалпы қабылданған факторларды (критерийлерді) сыни бағалау;
- орталық банктердің тәуелсіздігін бағалаудың қолданыстағы әдістерінің өзектілігін анықтау;
- орталық банктердің инфляция бойынша мақсаттарға қол жеткізуі мен олардың тәуелсіздігінің дәрежесі арасындағы өзара байланысты зерттеу және анықтау;
- дағдарыс кезінде макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуде орталық банктің тәуелсіздігін және оның басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын талдау;
- баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі мандатты жаңа функциялармен (қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономикалық өсудің белгілі бір деңгейіне қол жеткізу, экономиканы кредиттеуді ұлғайту) толықтырудың орталық банк жұмысының тиімділігіне әсерін бағалау;
- зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі – ақша-кредит саясатын жүргізу кезінде орталық банктің тікелей саяси немесе үкіметтік ықпалдан еркіндік дәрежесін сипаттайтын институционалдық сипаттама ретіндегі тәуелсіздігі.

Зерттеуді жүргізуге арналған **әдіснамалық, теориялық және эмпирикалық база** отандық және шетелдік зерттеулердің нәтижелерін, CWN және GMT индекстерінің әдіснамасын, орталық банктердің заңнамасын, Дүниежүзілік Банктің деректер базасын қамтиды.

Зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар мен ұсыныстар:

- эмпирикалық талдау нәтижелеріне сәйкес орталық банктің тәуелсіздігі мен инфляция арасындағы байланыс елдегі инфляция төмендеген сайын әлсірейді. Әдетте, бұл төмен және тұрақты инфляция жағдайында өмір сүретін дамыған елдерге қатысты;
- дамушы және посткеңестік елдерде орталық банктің тәуелсіздік дәрежесі мен инфляция деңгейі арасында теріс корреляция байқалады.

Осылайша, инфляция бойынша нысаналы мақсатқа қол жеткізу жолында осы елдер үшін орталық банктің тәуелсіздігі инфляцияны төмендетудің маңызды критерийі және қосымша құралы болып табылады;

- орталық банктің тәуелсіздігі мемлекеттік қарызды басқаруды қоса алғанда фискалдық билікті бюджеттің тұрақтылығын нығайтатын неғұрлым ойластырылған фискалдық саясатты жүргізуге итермелейді;

- орталық банктің мандатын кеңейту оның тәуелсіздігін төмендетеді, бұл өз кезегінде ақша-несие саясатының бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету қабілетін әлсіретеді;

- Қазақстан экономикасының құрылымын, атап айтқанда, әртараптандырудың төмен деңгейі мен импортқа тәуелділігін, сондай-ақ энергетикалық нарықтардағы құбылмалылықты назарға ала отырып, Ұлттық Банктің баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі жалғыз мақсатын сақтау қажет.

Жетекші орындаушылар туралы ақпарат:

Жоба жетекшісі – **Б.М. Мухамедиев**, э.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Экономика және бизнес Жоғары мектебінің «Экономика» кафедрасының профессоры.

Жетекші орындаушы – **А.А. Хитахунов**, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Экономика және бизнес Жоғары мектебінің «Экономика» кафедрасының доценті.

Жетекші орындаушы – **Ж.С. Темербулатова**, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы.

Жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды жариялауы туралы ақпарат:

«The role of central bank independence in price stability» мақаласы Eurasian Research Journal Vol. 5, No. 3 (2023) журналында жарияланды

https://erj.eurasian-research.org/shw_artcl-265.html

DOI : <https://doi.org/10.53277/2519-2442-2023.3-03>